

«ZERDELI» АҚЫЛ-ОЙ ДАМУ ОҚТАЛЫҒЫ

**5-СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН ЖҮЗДІК
БАҚЫЛАУЛАР ЖИНАҒЫ**

Аты-жөні _____

Мектебі _____

Сынып _____

Астана
2017

Қазіргі заманғы ғылыми-техникалық үрдістің қарқыны білім беру жүйесінің алдына үлкен мақсаттар мен жаңа міндеттер жүктейді. Жас ұрпақты жан-жақты жетілген, ақыл-парасатты, ой-өрісі биік, бәсекеге қабілетті азамат етіп тәрбиелеу – қоғамымыздың ең өзекті мәселесі. Дидактикалық тұрғыдан дұрыс ұйымдастырылған әрбір сабақ білімді тереңдетуге, толықтыруға, дағды мен іскерлікті қалыптастыруға, таным үрдісінің әдіс-тәсілдерін игеруге, танымдық қабілетінің дамуына және ғылыми жұмыстармен айналысуға мүмкіндік жасайды.

Осы негізде сіздерге ұсынылып отырған бақылау жұмысының жаңа формасы ғылым мен техникасы озық елдердің оқыту тәжірибесінен ала отырып сіздерге пайдасы тиісін деген ниетпен кешенді бақылау жүргізу және пайыздық бағалауды қолдануды ұсынып отырмыз. Бұл бақылау формасына «Жүздік бақылау» деген атау беріп, оның себептерін төменде түсіндіреміз.

Бұл жүйе оқушыларды шабыттандырып, оқушылардың арасындағы әділетті бәсекелестікті қалыптастырып, білім сапасының артуына және оқушылардың сан-қырлы дарынын арттыруға көмегі тиеді.

Математика пәнін оқытуда «Жүздік бақылау» формасын қолдану оқушылардың оқу материалын түсінуге, өткенді жаңамен байланыстыруға, негізгісі мен қосымшасын анықтауға, алған білімдерін тәжірибеде пайдалануға, өз пікірлерінде оларға сүйенуге үйретеді. Білімді саналы меңгеру өз бетімен жаңа білім алуға мүмкіндік беретін ақыл-ой еңбегінің өзіндік тәсілдерін игермейінше іске аспайды. Оқушылардың белсенділік танымдық іс-әрекетінің көздейтін мүддесі - білімнің қоғамдық мәнін ұғыну, қоғамға қызмет ету қарқынын үдету қажеттігі негізінде дамиды.

«Жүздік бақылауды» енгізудің мақсаты - мектепте оқыту сапасын жоғарылату, мектеп бітірушілердің білімін халықаралық стандартқа сәйкестендіру, түлектің жоғары оқу орнындағы бағалау жүйесіне алдын-ала даярлау, табысқа жетелейтін бағалау критерийлерін түсіндіру.

«Жүздік бақылауды» тиімділігі:

- балаға оқытудың әр сатысындағы дайындық (меңгеру) деңгейін анықтауға мүмкіндік береді, тарау, тоқсан бойынша берілген білімнің барлық түйткілдерін қалдырмай меңгеруге, білімді тиянақты алуға бағытталуы;

- көп балды шкаланы пайдалануға жан-жақты саралау мүмкіндігімен ерекшеленеді, мұғалімге бағаның кейбір айырмашылығын көрсетуге мүмкіндік береді. Қазақстанда соңғы жылдары оқушылар жетістіктерін бағалау жүйесін әлемдегі білім дамытудың қазіргі заманғы ағымдарына сәйкестендіру мақсатында нығайту қажеттілігі пайда болды. Білім беру қызметкерлері, оқушылар және ата-аналардың 5 балдық бағалау жүйесінің ынталандырушы және болжамдаушы қызметінің жеткіліксіз екендігін танып, біліп отыр. Қолданылатын 5 балдық (шындығында 4 балдық) шкалада және оның критериалдық негізінде тұлғалардың жеке қасиеттерін айқындауды есепке алудың мүмкіндігі жоқ. «3» (қанағаттанарлық) бағасының пәндік нормасы және критерийлері анық емес, бұл мектеп тәжірибесінде педагогтың ұстанымына байланысты «жоғарылату» және «төмендету» бағаларына алып келеді. Сонымен қатар, мектептерде қанағаттанарлықсыз бағаны тұлғаны басу, оқушылардың үрей мазасыз жағдайларын тудыру құралы ретінде қолдану кездеседі;

- мектептегі дәстүрлі бағалау мен мектеп бітіру кезіндегі ҰБТ бағалауының арасындағы ашақтықты жояды;

- бағалаудағы мұғалім тарапынан әділ жүргізу, мұғалімге оқушының оқу жетістіктерін объективті түрде бағалауға мүмкіндік береді, оқушыларға оқу үдерісі барысында туындаған қиындықтарды түсінуге, бағалауға мүмкіндік береді, ата-аналар оқушының оқу жетістіктері бойынша объективті дәлелдемелермен қамтамасыз етіледі;

Б 48 5-СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН ЖҮЗДІК БАҚЫЛАУЛАР ЖИНАҒЫ: оқу құралы / Ырысбек Мәуіт, Әрін Қайсаұлы, Мағаз Қалиасқар, Жоян Қанағатұлы. - Астана: Жасыл Орда, 2017 - 70 б.

ISBN 978-601-7379-22-3

Оқырман назарына ұсынылып отырған оқу-әдістемелік құралы 5-сынып оқушылары үшін жаңаша түрдегі бақылаулар жинағы. Оқу-әдістемелік құралында 5- сынып математика пәнінің әрбір тарау, параграфтары, тақырыпшалары туралы бақылаулар және тоқсандық бақылаулар жүз балдық жүйеде берілген. Сондықтан, оқу құралын мұғалімдер оқушылардан алатын бақылау жұмыстарының орнына пайдалануға, пысықтау, қайталауларға арналған дидактикалық материал ретінде пайдалануға болады.

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ22.1я72

ISBN 978-601-7379-22-3

© Ырысбек Мәуіт, Әрін Қайсаұлы,
Мағаз Қалиасқар, Жоян Қанағатұлы, 2017
© Жасыл Орда, 2017

- оқушының әр түрлі жұмысты орындағаны үшін алған бағаларының мәнін түсініп, жіберген қателіктерін анықтап, қатемен жұмыс жасауға мүмкіндік береді;

- бақылау жұмысы арнайы үлгідегі парақпен берілгендіктен уақыт үнемделеді, оқушы аз уақыттың ішінде 30-50 тапсырмаға дейін орындап үлгереді;

- оқушылар арасында бәсекелестікті арттырады, нәтижеге бағытталған үрдісті қалыптастырады;

- «Баланы білім, ақиқат, ереже мен формулалар қоймасына айналдырып қоймас үшін оны ойланту керек» - деп В.А.Сухомлинский айтқандай талдай білуге, саралауға, қорытынды жасауға үйретеді;

Бұл бақылау формасының тиімді тұстарын айта келіп енді нақты «Жүздік бақылаудың» құрылымына көшелік.

«Жүздік бақылаудың» бағалау көрсеткіші - 100 ұпай және қосымша 20 бонус ұпай (деңгейі жоғары, олимпиадалық тапсырмалар). Мазмұны негізінен 4 бөліктен тұрады:

I бөлім. «Бос орынды толтыр» Бұл бөлімде оқушы жылдам жауап бере алатындай қысқа сұрақтар, есептер, мәтіндік анықтамалар, ережелер болады. Мәтіннің арасынан терминдерге немесе есептеу жауабын жазуға тиісті нәрселерге бос орын қалдырылады, оқушы сол бос орынға тиісті сөзді немесе санды қоюы керек. Бұл бөлікте он шақты мәтін немесе есептеулер беріледі, бір мәтінде бірнеше бос орындар болуы мүмкін. Ұпай әрбір бос орындар үшін саналады. Ұпай саны әрбір бос орын үшін қажетіне қарай 2-5 ұпайдан, барлығы 20-40 ұпай айналасында, тіпті одан да көп болуы мүмкін. Бос орынға қойылған жауап қана есептелінеді, есептеу барысын жазу қажет емес. Оқушы басқа толықтырулар жасаса, ол есептелінбейді. Аталған бөлімдегі сұрақтар оқушының логикалық ойлау қабілеті мен есептеу жылдамдығын арттыруға бағытталған.

II бөлім. «Қате-дұрысын тұжырымдау сұраулары». Берілген сөйлемге тұжырым жасалады. Әр тапсырма үшін берілетін ұпай саны 1-3 ұпайдан, барлығы 10-20 ұпай болады. Бұл бөлім кейбір «жүздік бақылауларда» болмауы да мүмкін.

III бөлім. «Таңдау сұраулары» («Жабық тест»). Жауаптың 4-5 нұсқасы көрсетілген 10 сұраққа дейін тест тапсырмалары беріледі. Әр тапсырмаға 2-5 ұпайдан беріледі. Сұрақтың ауырлық деңгейіне қарай ұпай санын көбейтуге болады. Оқушының өз жауабына сенімді әрі нақты шешім қабылдайтын бөлім.

IV бөлім «Есептеу сұраулары». Есептің шарты беріледі. Тапсырманың жауабы толық жазылады. Бұл тапсырманың әр сұрағына 4-10 ұпай беріледі. Бұл бөлімде кем дегенде 3-8 стандартты және стандартты емес тапсырмалар аралас беріліп, оқушылар жүздік параққа шешу барысын, жауабын толық жазады.

Барлық тапсырмалар 100 ұпайды құрап, біз оның сыртында тереңдетілген сыныптарды негіз еткендіктен, әрқайсысы 10-20 ұпайдан тұратын екі логикалық және олимпиадалық деңгейдегі есептерді беріп отырмыз. Бұл бір жағынан тапсырмаларды тез орындап қоятын үздік оқушылардың бос отырып қалмауына мүмкіндік жасаса, бір жағынан олардың қызығушылығын арттырады. Жоғарыда көрсетілген әрбір бөлімдегі тапсырмалар саны мен берілетін ұпайлар саны тақырыптар мен сұрақтың деңгейіне байланысты өзгеше болуы да мүмкін.

Жалпы бақылау жұмысын орындауға 90 минут беріледі. Сабақ кестесінде жұп сабақтар қою арқылы жүзеге асыруға болады. «Жүздік бақылау» кезінде оқушы орындайтын ереже құрастырылады. Бағалау шкаласы: 80-100 ұпай - «5», 60-80 ұпай - «4», 40-60 ұпай - «3», 40-тан төмен - «2» Бұл бақылау формасының қысқартылған түрі әр сабақта жаңа материалды бекіту, қорытындылау барысында таратпа, дидактикалық материал ретінде қолдануға болады. Әр пән ерекшелігіне сай мазмұнын түрлендіруге болады. Кез келген пәнді оқытуда білімді тиянақтау барысында қолдануға тиімді.

«Жүздік бақылау» жұмысының оқушының білімін дамытудағы орны ерекше. Осы бақылау формасы қолданылған сыныптарда оқушылардың бойындағы белсенділіктің үш түрін бөліп қарауға болады:

Ақыл-ой белсенділігі - элементарлы іс-әрекеттен бастап шығармашылықтың күрделі түріне дейінгі барлық деңгейдегі нағыз әмбебап іс-әрекет шарты болып табылады. Оқушы бақылаудың барлық бөлімінде де ақыл-ой белсенділігін бақылауда ұстау керек.

Интеллектуалды белсенділік - өзіндік шарттарға сай ой әрекеті ретінде түсіндіріледі. Интеллектуалды белсенділік бақылау жұмысының төртінші бөлімінде нақты жүзеге асырылады.

Танымдық белсенділік - оқушының оқуға, білуге деген ынта-ықыласының, құштарлығының ерекше көрінісі. Мысалы, мұғалімнің баяндап тұрған жаңа материалын түсіну үшін, оқушының оны зейін қойып тыңдауы, алған білімін кеңейту үшін өздігінен кітап оқып, бақылау тәжірибе жасау сияқты жұмыстар жасауы. Өйткені өтілген материалдарды саналы қайталауда, жаңадан білім алуда, оның жолдары мен дағдыларына үйренуде белсенділіксіз мүмкін емес. Сабақ барысында оқушының бойында танымдық белсенділік пайда болса, оқушылардың ақыл-ой қабілеттері, зеректілік, байқағыштық, ойлау және сөйлеу дербестігі т.б элементтері дамиды. Сонымен қатар, оқушылардың барлық оқу жетістіктері (олимпиада, сайыстар, білім сапсының жоғары болуы) осы «Жүздік бақылау» жұмысының нәтижесі деуге болады.

Бақылау тұрғысында «Жүздік бақылау» формасы дәстүрлі бақылауда көрінген кемшіліктерді шешеді, әрі оқушылардың қабілетін жан-жақты танып біліп оның зияткерлік дағдыларын арттыруымызға көмегі тиер еді. Ал баға тұрғысынан, біз «бестік» баға дегеннен құтылып әлем елдері көшіп үлгерген «100 пайыздық» бағаға, біздің қазіргі жоғары оқу орнында қолданылып жүрген баға формасына көшкеніміз ең дұрыс еді. Мұғалім алдында жүз оқушы отырса да жүз түрлі баға қоюға мүмкіндік алып, әр бала дәл деңгейі бойынша бағаланар еді. Әрі бала да дәл өз бағалау рейтингісін бір сағы жоғарылату үшін білімге талшынар еді, қазірдегідей елдің бәрі «төрт» деп алаңсыз жүрмес еді.

Сол үшін оқу-ағартуымызға әлі де біраз өзгерістер керек-ақ. Баға баланың бағын байламаса, бала жерге қарамаса деген бізден тілек. Сол үшін біз мектеп бағдарламасындағы пәндерден кешенді «Жүздік бақылау» жүргізу және пайыздық бағалаудың формасын дәстүрлімен салыстыра отырып үлгісін ұсындық. Әркім өз керегіне жаратса біздің мақсатымыздың орындалғаны.

4 СЫНЫПТЫ ҚАЙТАЛАУ БАҚЫЛАУЫ

(уақыты: 90 минут, барлығы 100+20 ұпай)

I. Бос орынды толтыру сұраулары (қалдырылған бос орындарға дұрыс жауаптарын толтырамыз, тек жауап жазу талап етіледі. Әрбір жақшаға 2 ұпайдан, барлығы 48 ұпай).

1. Алғы жүз жеті миллион бес мың бес жүз тоғыз саны () деп жазылады. 47025018 саны () деп оқылады.
2. Есептеңдер. 1) $7040+38745:9=()$; 2) $(90+4) \cdot 7=()$;
- 3) $(2345+3452+4523+5234):7=()$; 4) $199+199 \cdot 199=()$.
3. Теңдеуді шешіңдер. 1) $x:50=70$ болса, $x=()$; 2) $85-(14+n)=68$ болса, $m=()$; 3) $(50-y):7+195=40 \cdot 5$ болса, $y=()$.
4. Атаулы сандармен келген амалдарды орындандар.
 - 1) $6\text{ т }561\text{ кг}+1\text{ т }70\text{ кг}=()\text{ т}()\text{ кг}$;
 - 2) $45\text{ мин }23\text{ сек}-17\text{ мин }37\text{ сек}=()\text{ мин}()\text{ сек}$
 - 3) $8\text{ дм}^3 13\text{ см}^3-5\text{ дм}^3 85\text{ см}^3=()\text{ дм}^3()\text{ см}^3$.
5. Екі тақтада 97 матаның түрі ілінген. Бірінші тақтада екіншіге қарағанда 17 түрге кем. Бірінші тақтада () мата, екінші тақтада () мата ілінген.
6. Ең кіші үш таңбалы сан мен ең үлкен екі таңбалы санның айырмасы () .
7. Тіктөртбұрыштың ұзындығы енінен 5 есе ұзын. Периметрі 60 см. Онда тіктөртбұрыштың ұзындығы () см.
8. $60\,000\text{ дм}=()\text{ км}$; $6\text{ дм}^2 8\text{ см}^2=()\text{ см}^2$
9. Ауданы 64 см^2 тең квадраттың периметрін тап: () см.
10. Салыстырыңдар: 1) 4сағ 25 мин () 425 мин; 2) 24 дм () 135 м.

II. Таңдау сұраулары (берілген төрт жауаптың біреуі ғана дұрыс, дұрыс жауаптың әріп белгісін сұрау соңындағы жақша ішіне жазамыз. Әрбір дұрыс жауап 2 ұпайдан, барлығы 20 ұпай):

1. Төмендегі сандардың ішінде ең үлкені қайсы?()
 A. 30070000 B. 30007000 C. 30770000 D. 30707000
2. 2, 5, 7 сандарына бірдей бөлінетін екі таңбалы сан қайсы? ()
 A. 35 B. 70 C. 50 D. 140
3. Шаршының бір қабырғасы 5 см-ге тең болса, онда ауданы қанша? ()
 A. 5 см B. 10 см C. 25 см D. 40 см
4. 30 дм^2 қанша см^2 -қа тең болады? ()
 A. 3000 см^2 B. 30000 см^2 C. 300000 см^2 D. 3000000 см^2
5. Екі санның қосындысы 987-ге тең де, айырмасы 333-ке тең. Сол сандардың үлкені қанша? ()
 A. 654 B. 660 C. 987 D. 327
6. Баласының массасы 15 кг, ал әкесінің массасы одан 60 кг артық. Әкесінің массасы баласының массасының қанша есесіндей?
 A. 2 есе B. 6 есе C. 4 есе D. 5 есе
7. Сыныпта 16 қыз оқушы бар. Ал ұлдар саны қыздар санына қарағанда 3 оқушы аз болса, онда сыныптағы оқушылар саны қанша?
 A. 19 B. 13 C. 29 D. 39.